



Ақмешіт

Аялаймын сені, Қызылорда!

11 қазан
сейсенбі
№81 (1885)
2022 ЖЫЛ

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

«Бірнеше тілді білу немесе полиглот атану үшін даналықтың болмаса туа бітті ерекше генетикалық қабілеттің қажеті жоқ», – дейді кейіпкеріміз. Тіл үйренуді алынбас қамал санайтын көпшілік үшін бұл таңданыс тудырағы хақ. Иә, көп тіл үйрену үшін көп нәрсе қажет емес, тек жалқаулықты жеңе білу керек. Біз бір емес, бес тіл білетін Ботагөз Мәдіғалимен әңгімелескенде осындай ой түйдік.



Ботагөз Русланқызы 12 жасынан тіл үйренуді бастаған. Ол қазақ-түрік-лицейінде оқып жүргенде ағылшын тіліне қатты қызығады. Нәтижесінде қазақ, орыс, ағылшын, түрік, корей тілдерін жетік меңгерген. Ал неміс тілі мен латын тілін бірінші деңгейде біледі. Сонымен қатар араб тілін үйреніп жүр. Бүгінде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде аудармашы болып қызмет атқарады.

Шет тілін қалай тез меңгеруге болады? Біз бес тілді білетін Ботагөзге көкейде жүрген сұрақты қойдық.

Ботагөз МӘДІҒАЛИ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аудармашысы:

«ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҚ»

– Тіл үйренуге қызығушылық қалай пайда болды?

– Жетінші сыныпта қазақ-түрік лицейінде оқып жүргенімде тіл үйрену қажет болды. Ол кезде барлық сабақтар ағылшын тілінде болатын. Сондықтан ағылшын тілін үйренуге міндетті болдық. Сол кезде басқа тіл үйренуге қызығушылығым арта түсті. Яғни көп тіл үйренуді алдыма мақсат еттім.

– Тілді үйрететін кезде өзіңізге қандай талап қойдыңыз?

– Ағылшын, түрік тілін міндетті болғандықтан үйрендім. Яғни сабақ барысында аса қиындық туындамады. Де-

генмен қосымша тіл үйренуді мақсат етіп, төрт тіл үйрендім. Өзім тіл үйренуге ыңғайлы екенімді байқадым. Уақыт өте келе акцентсіз сөйлеу біліктілігім байқалды. Содан кейін полиглот болуды мақсат еттім. Көп нәрсе өзімізге байланысты. Ештеңені қиындатудың қажеті жоқ. Ең бастысы, көп тіл үйрену болашағым үшін, мақсатыма жету жолында маңызды құрал екенін түсіндім. Сол мақсаттарға жету жолында аянбай жұмыс істеп келемін.

– Қай тілді үйрену тез және қиын болды?

– Түрік тілін тез үйрендім. Түрік тілі – түркі тілдес елдер қатарына жататын болғандықтан үйрену оңай болды. Сөздері де ұқсас. Ал ең қиын болғаны корей тілі. Корей тілінің әріптері кириллица емес, таяқшалар болып келеді. Сол таяқшаларды оқудың өзінен бөлек, оның грамматикасын оқу мен үшін біраз қиындыққа түсті. Сондықтан қосымша сабақтарға қатысып, мұғалімдерге өтініш айтып, қиын болса да үйрендім. Мақсатыма жету жолында ерінбедім.

2 БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ЖОЛ ЖӨНДЕЛУДЕ



Соңғы жылдары қаламызда жол инфрақұрылымын дамыту бойынша қарқынды тірлік атқарылуда. «Жолдың жайын жүрген білер» демекші, қаламызда жөндеуді қажет ететін жолдар бар екені рас. Облыс орталығында жол қатынасына байланысты мәселелер шешімін тауып, жыл өткен сайын жақсарып келеді. Мәселен, биыл жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 45,7 шақырымды құрайтын 50 көшеге орташа

жол жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылған.

Тақтайдай тегіс көшелер қала көркіне көрік қосары сөзсіз. Атап айтсақ, 28 көшеге орташа жөндеу жұмысы толығымен аяқталып, пайдалануға берілген. Қалған 22 көшеде орташа жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда жол жөндеу жұмыстары қала орталығындағы Ғ.Мұратбаев көшесінде жалғасуда. Ұзындығы 2,3 шақырымды

құрайтын Ғ.Мұратбаев көшесінің Абай даңғылынан Ясауи көшесіне дейінгі аралығына «УАД» мердігер мекемесі орташа жөндеу жүргізуде. Жобаға сәйкес, қараша айына дейін жол жөндеу жұмыстарымен қатар, жол бойындағы жиек тастары жаңартылып, 46 құдық беті деңгейлестіріледі және суағарлармен қамтылады деп жоспарланған.

А.БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

БИЛЕТ АРЗАН, ӨНЕР ҚЫМБАТ



Театрға барасыз ба?

Осы сауалмен жұртшылық арасында сауалнама жүргіздік. Бұл сұраққа көбі «Бармағалы көп болды», «уақыт жоқ» деген секілді жауап берді. Тіпті кейбірі үндемей құтылды. Расында, көпшілігі күйбең тіршілікті сылтау етсе, жастар не айтарын білмей абдырап қалды. Сонымен, сіз театрға барасыз ба?

«Адам бүгін театрға ертең адам болып қалу үшін барады» демекші, театр – көрерменнің тіпті түсінде көрмеген не армандамаған ойларының орындалатын орны екен. Алайда мұны барлық адам түсіне бермейді. Өкініштісі де осы.

«Уақыт жоқ» деген сылтау ма? Уақыттың басым бөлігі түкке-тұрғысыз әлеуметтік желіде өткізіп, санасын ақпаратқа ұлап жүрген жасөспірімдерге театр – таптырмас орын. Өнер – біздің әлеміміздегі ең құнды дүние.

Рухани кемелдік пен мәдени өсуге ықпал ететін бірден-бір орын – театр. Сондықтан театр ешқашан өзінің маңыздылығын жоғалтқан емес. Рухани тұрғыда емес, материалдық тұрғыда бауды көздейтін қазіргі қоғамда театр сүйер қауым аз емес. Бірақ соған қарамастан, біздің өмірімізде театрға баруға келерлі келтіретін себептердің қатары көп-ақ.

Дегенмен театрда жастарға арналған түрлі қойылымдар бар. Атап айтсақ, 2014 жылдан бері жастар труппасы қызмет атқарауда. Топтың алғашқы қойылымдары Б.Әлімжановтың «Ең сұлуым – Меңсұлу» комедиясы, И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы» поэтикалық драмасы, С.Жүнісовтың «Қысылғаннан қыз болды» музыкалық комедиясы, Қ.Жүнісовтың «Ғашықтар хикаясы», Б.Әлімжановтың «Ойнайқышы бір, ойнайқышы бір» спектаклін атап айтуға болады.

4 БЕТТЕ



МӘМС – тегін емделуге мүмкіндік

Денсаулық саласына 2020 жылы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енді. Бұл жүйе медициналық көмектің тиімділігі мен сапасын арттыру арқылы елдің әрбір азаматын күтпеген жерден орын алған қаржылық шығыстан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Алайда қарапайым халық бұл мүмкіндікті пайдалана алды ма? Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният аймаққа сапарында аталған жүйені енгізген кезде коронавирустық инфекция алқымнан алып, тасада қалып қойғанын жасырмады. Дегенмен министрдің айтуынша, алдағы уақытта басымдық МӘМС жүйесінің дамуына берілімек.

Өкінішке қарай, халық медициналық сақтандырудың қызметін пайдалануға асырау емес. Қазіргі кезде Сыр өңірі тұрғындарының 83,9 проценті сақтандырылды. Алайда бұл көрсеткішті 85 процентке дейін жеткізу міндеті қойылған. Жоспардың орындалмауына не себеп? Тұрғындар арасында түсіндерме жұмыстары қалай жүріп жатыр? Бұдан да өзге сауалдарды «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетовке қойған едік.

2 БЕТТЕ

САЙЛАУ



Ғалым Баймұрзаев, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы:

«УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ 21 ҚАЗАННАН БАСТАЛАДЫ»

2022 жылдың 20 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауы өтеді. Осыған орай, әр партиядан саяси ұйымдар өз кандидаттарын ұсынуға. Ел болашағы үшін бұл сайлауға біркісідей қатысып, дауыс беру әрбіріміз үшін маңызды.

Осы орайда облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ғалым Баймұрзаевпен хабарласып, саяси науқанның барысы жайлы аз-кем әңгімелескен болатынбыз.

2 бетте

Арнайы тариф кімдерге арналған?

Әлеуметтің әлсіз тобы үшін газ бағасында арнайы жеңілдік бар. Олар жалпы жұртқа арналған тарифтен төмен төлейді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде миллионға жуық қазақстандық атаулы әлеуметтік көмек, 32 мың отбасы тұрғын үй көмегін алады екен.

Халықтың ең осал топтары – тұрғын үй көмегін қажет ететін аз қамтылған азаматтар, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар үшін



ҚР-да газ бағасының әдеттегіден 20% төмен арнайы тарифтері белгіленген. Мысалы, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тұтынушыларына тауарлық газды сатудың бөлшек сауда бағасы АӘК және ТК алушылар үшін еліміздің 11 облысы мен 3 негізгі мегаполисінде 20% төмендетілді. Айталық, Қызылорда облысында 1 м3 газ бағасы 13,0 теңге болса, мұқтаж отбасылар үшін 10, 4 теңге. Яғни 2,6 теңгеге төмен.

«Ақмешіт-ақпарат»

Ғалым Баймұрзаев, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы:

«УЧАСКЕЛІК КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ 21 ҚАЗАННАН БАСТАЛАДЫ»

– Ғалым Қонақбайұлы, Президент сайлауына дайындық қалай жүргізіледі? – «ҚР Сайлау туралы» Конституциялық Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты сайлаушылар тізімін өзектендіру жұмыстарын жергілікті атқарушы органдары жүргізуде. – **Облыс бойынша қанша сайлаушы бар?** – 1 қазандағы мәлімет бойынша Қызылорда облысында 488964 сайлаушы бар. ҚР Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес, сайлау учаскесі шекараларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіліп, аумақтық және учаскелік сайлау Басы 1-бетте

комиссияларының құрамдары БАҚ беттерінде жарияланды. Облыс бойынша 382 сайлау комиссиялары бар, оның ішінде 9 аумақтық, 373 учаскелік комиссиялар, онда 2710 комиссия мүшелері жұмыс атқарады. Учаскелік комиссиялар жұмыстарына 21 қазаннан бастап кіріседі және ҚР Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес, қала, аудан әкімдері сайлаушылардың тізімін 30 қазан күні сайлау учаскелеріне қол қойып, табыстайды. Ал учаскелік комиссиялар 4 қарашадан кешіктірмей тізімді сайлаушылардың танысуына ұсынады. 9 қарашадан кешіктірмей – сайлаушыларға сайлау өтетін орны мен уақытын жариялауды хабардар етеді.

– Сайлау процесінде цифрлық мүмкіндігі пайдалану қаншалықты жүзеге асады? – Өз кезегінде облыс тұрғындарына сайлау учаскелерінде тізімде бар-жоғын анықтайтын «Өзіңді сайлаушылар тізімінен тап!» жүйесі мен Call-орталықтары құрылды. SAYLAU.ORDA.GOV.KZ ресми веб сервис, сайлау_kzobot телеграм чат бот, SmartQyzyldorda мобильді қосымша және 109 нөмірі жүйелері бойынша кез келген сайлаушы ЖСН арқылы дауыс беретін сайлау учаскесі жайлы толық ақпарат ала алады (мекен жайы, байланыс нөмірі, сайлау комиссия мүшелері және картада орналасқан орны). – **Сұхбатыңызға рахмет!**

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

– **Бүгінде медициналық сақтандыруда кімдермен жұмыс істеу қиындық туғызып отыр? Алдымен сақтандырылмаған тұрғындарға тоқталайықшы. Олардың саны қанша?** – Осы жылдың I қазандағы жағдай бойынша Қызылорда облысында бастапқы медициналық көмек көрсету ұйымдарына 806980 адам тіркелген. Сақтандырылған халық саны 677276 адамды (83,9%), сақтандырылмаған халық саны 129704 адамды (16,1%) құрайды. Оның ішінде жалдамалы жұмыс істейтіндер, жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі қамтамасыз ететін дербес төлеушілер қамтылмауда. Ал соңғы 12 айда мүлдем төлем жасамағандар саны – 78669 адам (60,7%).

– **Жалпы медициналық сақтандыру енгізілгеніне бірнеше жыл болса да көбі қай қызметті тегін алатынын білмейді. Осы жөнінде толығырақ айтып өтесіз...**

– Егер адам сақтандырылған болса, онда ол тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көмегі мен МӘМС пакеттеріндегі барлық қызметті тегін ала алады. Мәселен, ТМҚКК – мемлекеттік бюджет есебінен, ал МӘМС қызметі ҚОР активі есебінен бөлінеді. Осы екі пакетке негізінен барлық медициналық қызмет кіреді. Ал оған жатпайтын қызметтер ауқымы шектеулі ғана. Атап айтсақ, ортопедиялық стоматология, косметология, пластикалық хирургия. Денсаулығы сақтандырылған адамға жедел жәрдем қызметі, оның ішінде белгілі бір жағдайға медициналық авиация шақыртылады. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар науқасқа, ең көп таралған динамикалық бақылауға жататын сырқат түрлерін емдеп, оларды жеті қадағалайды. Сондай-ақ балалар мен жүкті және босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдерді бақылау, инфекциялық ауру ошақтарындағы санитарлық эпидемияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шаралар кіреді. Амбулаторлық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек тегін көрсетіледі. Туберкулезбен ауырып жазылғандарға медициналық оңалту жүргізіледі. Ең бастысы, шетелге емделуге жіберу және отандық медициналық ұйымдарда емделу үшін шетелдік мамандарды шақырғалады. Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, имундық-биологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету қызметтері көрсетіледі. Жоғарыда аталған жағдайлар бойынша медициналық мекеме тегін көмек көрсетуден бас тартпауы тиіс. Сонымен қатар ковид те барлық жұқпалы науқас түрімен бірге осы тізімге жатады. Айта кету керек, МӘМС жүйесі арқылы консультациялық-диагностикалық көмек (мамандардың қабылдауы, КТ, МРТ, ПЭТ секілді қымбат тексеру, лаборатория, жоспарлы және сақтандырылған азаматтарға шұғыл стационарлық көмек, медициналық оңалту, жоғары технологиялық маманданған көмектің барлық түрі, ЭКҰ-ды да тегін алуға мүмкіндік бар. – «Qoldau 24/7» қосымшасының медициналық қызмет алдығы келетін адамдарға қандай көмегі бар? – Жана жоба жүзеге асқан кезде «Qoldau-24/7» мобильді қосымшасы іске қосылды. Бұл

қосымшаны PlayMarket пен AppStore-дан жүктеуге болады. Осы бірегей платформада 24/7 жұмыс режимінде 1406 байланыс орталығы медициналық сақтандыру мен науқастардың құқығына байланысты өтініштерді қабылдайды. Мұны қолдана отырып, медициналық көмек туралы кеңес алуға болады. Сондай-ақ дәрігерге немесе медициналық ұйымға алғыс немесе шағым бере алады. МӘМС және ТМҚКК шенберінде жұмыс істеуге қатысты ұсыныстармен бөліседі. Азаматтар жеңілдік санаты бойынша уақытша бойынша жүгіну қажет. Осыған байланысты жыл басынан бері 7908 өтініш келіп түсіп, тиісінше жауап берілді. Атап айтсақ, 7587 консультация, 303 шағым, 18 алғыс бар. Оның ішінде негізгі сұрақтар – МӘМС мәртебесін алу, дәрінің болмауы, консультациялық-диагностикалық қызметті ұзақ күту, емханалар мен стационарларда медициналық көмек көрсету сапасы, медициналық ұйымдар қызметкерінің дәрігерлік этика мен деонтологияны сақтамауы, ауруханаға жатқызудан бас тарту тағы осы секілді шағымдар көп.

МӘМС – тегін емделуге мүмкіндік



Қызылорда облысында бастапқы медициналық көмек көрсету ұйымдарына 806980 адам тіркелген. Сақтандырылған халық саны 677276 адамды (83,9%), сақтандырылмаған халық саны 129 704 адамды (16,1%) құрайды. Оның ішінде жалдамалы жұмыс істейтіндер, жеке кәсіпкерлер, өзін-өзі қамтамасыз ететін дербес төлеушілер қамтылмауда. Ал соңғы 12 айда мүлдем төлем жасамағандар саны – 78669 адам. (60,7%).

– **Өз-өзін жұмыспен қамтығандарды сақтандыру қалай жүзеге асады?**

– Еш жерде жұмыс істемейтін, әлеуметтік осал санатқа жатпайтын және жеке кәсібі жоқ азамат үшін медициналық сақтандыру үшін 1 ЕТЖ-нің 5% немесе 3000 теңге мөлшерінде жарна төлеуі қажет. МӘМС жүйесіне қатысу үшін бұл тәсілі оралмандар мен ел аумағында тұрақты тұратын жиынтық төлемін төлеу. БЖТ – бұл азаматтардың өзін-өзі өнімсіз жұмыспен қамтығандар санатын әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінен тыс қалмауы үшін заңдастырудың бір түрі. Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда тұратын жеке тұлғалар үшін БЖТ-нің мөлшері 3063 теңгеге құрайды. Басқа елді мекендерде тұратындарға – 1531,5 теңге. Мұның артықшылығы егер де сақтандырылмаған (ешқандай төлемін жасамаған) азамат 3 ай қатарынан БЖТ төлесе, 3 айында ғана автоматты түрде соңғы 12 айдағы төлеміне қарамастан сақтандыру мәртебесіне ие болады. Дегенмен одан кейінгі айларда сақтандыру мәртебесінде болу үшін БЖТ-ді тұрақты ай сайын төлеп отыру керек.

– **МӘМС жарналарды төлемегені үшін айыппұл салына ма?**

– «МӘМС туралы» Заңның 31-бабына сәйкес, төлеушінің (жұмыс берушілер, жалдамалы жұмыскерлер, кәсіпкерлер, яғни жұмыс істейтін адамдар) аударымдары мен жарналарын уақытылы аудармағаны үшін жауаптылығы қарастырылған. Бір сөзбен айтқанда, уақытылы

мастан, күндізгі оқу нысаны бойынша оқитындардың барлығы (мейлі ол 18 жасқа толған мектеп оқушылары болсын, колледж, ЖОО немесе басқа да оқу орындарында студенттері болсын) азаматтардың жеңілдікті санатына кіреді. Олар үшін МӘМС жарнасын мемлекет төлейді. Анығырақ айтқанда, студенттер мемлекет есебінен сақтандырылады. Сондай-ақ жүйеде көрсетілген барлық медициналық қызметке қол жеткізе алады. Ал шетелдік оқу орындарында оқитын қазақстандық күндізгі оқу нысанының студенттері МӘМС жүйесінде сақтандырылған тұлғалардың автоматты түрде жеңілдік мәртебесін ала алмайды. Ол үшін олар жүйеге өздігіннен тіркелуі керек. Атап айтсақ, электрондық үкімет порталындағы egov.kz сервисін пайдалану қажет. Мәселен, ізденіс жолына келесіні енгізу: «Шетелде оқитын студенттерді тіркеу». Ашылған терезелегі өтінішті толтыру және оқуды растайтын құжатты қоса беру керек. Көптеген жағдайда сақтандырудың жеңілдікті мәртебесі құжатты дұрыс толтырғаннан соң, 10 жұмыс күні ішінде беріледі. Егер сақтандырудың жеңілдікті мәртебесін беру көрсетілген мерзім ішінде орындалмаса, онда ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің Халықаралық департаментіне жүгіну қажет. Әр семестр аяқталғаннан кейін сақтандыру мәртебесін тексеру және оқудың өзектілігін растау керек екенін есте ұстаған жөн. Өйткені дерекқордағы мәліметтер өзгеруі мүмкін. – **Сұхбатыңызға рахмет.**

Сұхбаттасқан Ақмарал ОЛЖАБАЙ

Ботагөз МӘДИҒАЛИ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аудармашысы:

«ТІЛ ҮЙРЕНУДІҢ ҚИЫНДЫҒЫ ЖОҚ»

– **Қазіргі уақытта жастарға қандай тілді меңгерген маңызды деп ойлайсыз?** – 8 сынып оқып жүргенде қазіргі Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің семинарына қатысты. Оқушыларға семинар өту барысында жастарға италиян тілін білу маңызды екенін айтқан еді. Сонымен қатар испан, түрік, ағылшын, жапон тілдерін алдағы уақытта қажеттіліктер үшін үйрену қажеттігін айтты. Мен сол уақыттан бастап осы кісіні үлгі тұттым. Жақында ең көп тіл білетін министрлер тізімі шыққан еді. Тізім басында Ғылым және жоғары білім министрі Нұрбек Саясат көш бастады. Министр жеті тілде – қазақ, орыс, ағылшын, италиян, түрік, жапон және латын тілдерін білетіні айтылды. Осы кісіден үлгі алғаным куанамын.

– **Қазіргі уақытта қазақ авторларының әдебиеттерін және орыс тіліндегі психологиялық, яғни өзін-өзі дамыту тұрғысынан жазылған кітап оқу ма?** – Тіл үйренем деп қызығушылық танытушыларға курс ашу ойыңызда жоқ па? – Осы уақытқа дейін тіл оқыту курстарында жұмыс істедім. Полиглот орталығында кішкентай балалар ағылшын тілін қазақ, орыс топтарына үйреттім. Бірақ курс ашу әзір ойымда жоқ. Өйткені үлкен жауапкершілікті, практикалық жұмысты талап етеді.

– **Арнайы курсқа бармай-ақ, өз бетінше тіл үйренуге бола ма?** – Кез келген адам өз бетінше тілдің алғашқы кезеңін үйренуге болады. Алайда практикалық түрде үйрену де қажет. Сондықтан арнайы курстар немесе маманнан үйренген дұрыс. Тілдердің жазбаша түрін үйден үйренгенмен, айтылуы мен оқылуы қиындай түседі. Негізгі тіл үйрену белгілі бір жасты таңдамайды. Адамға қажеттілік болған кезде тез үйреніп алады деп ойлаймын. Тіл үйрету орталығында жұмыс істегенімде бізге 52 жастағы анай келіп, ағылшын тілін үйренді. Ол кісі 2-3 айда ағылшын тілін бірінші деңгейде үйреніп шықты. Сондай-ақ ағылшын тілін үйренуге төрт жастағы баланы берген. Бұл ертерек әрі қиындау. Негізінен 7-8 жастан кейін тіл үйретіп бастаған дұрыс. Яғни бүгінгі заман талабы көп тіл білуді қажет етеді. Бүгінде балаларға қосымша тілді үйренудің еш артығы жоқ.

– **Тіл үйрену үшін неі ескеру керек. Сізден лайфхак?** – Тіл үйренген кезде сол елдің салт-дәстүрін ескеру қажет. Біздің тілде де диалект сөздер кездеседі. Қай кезде

– **Көп тілді білу үшін орта әсер етеді деп жатады. Қазақты ортада өзге тілдерді ұмытып қалмайсыз ба?** – Әрине, оның үлкен әсері бар. Сол үшін де ұмытып қалмас үшін бір айда бір тілді қайталап отырамын. Әр айда бір күнді әр тілге арнап, киноларын көреймін, сол тілде кітап оқымын. – **Кітапты қай тілде оқисыз?** – Қазіргі уақытта қазақ авторларының әдебиеттерін және орыс тіліндегі психологиялық, яғни өзін-өзі дамыту тұрғысынан жазылған кітап оқудамын.

– **Тіл үйренем деп қызығушылық танытушыларға курс ашу ойыңызда жоқ па?** – Осы уақытқа дейін тіл оқыту курстарында жұмыс істедім. Полиглот орталығында кішкентай балалар ағылшын тілін қазақ, орыс топтарына үйреттім. Бірақ курс ашу әзір ойымда жоқ. Өйткені үлкен жауапкершілікті, практикалық жұмысты талап етеді.

– **Сіз үшін қай тілді сойлеген қызық әрі онай?** – Түрік тілінде сөйлеген онай. Осы тілде ойымда онай жеткізе аламын. Алайда ортам қазақ тілінде сөйлегендіктен ана тілінде сөйлеймін. Ал отбасыма анам өзіне практика ретінде неміспен орысша сөйлеседі. Отбасында үш ағайындымыз. Бауырларым тіл үйренуге қатты қызыққан емес. Тек енді ағылшын курстарына қатысып жүр.

Сұхбаттасқан АЙТӨЛКІН АЙТЖАҢОВА

Кинотеатр тарихы

1959 жылғы 3 ақпандағы Қазақ КСР министрлер кеңесінің №85 қаулысына сәйкес «КСРО мемлекеттік банкінің несиелері есебінен кинотеатрлар салу және республикада тұрақты кинотеатрлар салуды жеделдету шаралары туралы» және облыстық еңбекші депутаттар кеңесінің атқару комитетінің шешімімен Қызылорда қаласында 200,0 мың руб. сметалық құныммен 500 орындық кең экранды кинотеатр құрылысы басталған. Құрылыстың монтаждау жұмысын облыстық құрылыс басқармасына қарасты №3 «Қызылорда-Строй» тресті қолға алған. «Қызылорда-Строй» тресінен 6 сәуірінде барлық құрылысына байланысты келісімшартқа қол қойылып, театрдың құрылысын 1960 жылдың мамыр айынан бастаған.

17 тамыздағы Қызылорда облыстық партия комитетінің қаулысына сәйкес облыстық мәдениет басқармасының «кино жалға беру және кинофикация» бөлімінің басшылығымен облысымызда кинотеатрлар саласына қатысты біршама жұмыс атқарылған.

1961 жылғы қаңтардағы есеп бойынша монтаждау – құрылыс жұмысына 96,7 мың руб. шығыны орнына, 13,9 мың руб. ғана жұмсалған. Қызылорда қаласында 1961 жылы фильм базасы құрылысына 110 мың руб. бөлінген. Облыс бойынша кинофильм кенеселері 161 киноқондырғымен жабықталған. Оның ішінде мемлекеттік органдарға – 84, кәсіподақтарға – 33, ведомстволық ұйымдарда – 44 қондырғы үздіксіз жұмыс істеді. Архив қорындағы 1961 жылдың I сәуіріндегі анықтамада жалға беру бойынша 1158 көркем кинофильмдердің көшірмесі сақталған, оның 305-і қазақ тіліндегі фильмдер, 694-і ғылыми-танымдық, 558-і хроникалық-документалды фильмдер. «Халықты кино қызметімен қамтамасыз етудің кемшіліктері жайлы» 1960 жылдың

Қызылорда қаласында мемлекеттік банктің қаражатымен 400 орындық жазғы кино алаңы салынған, Жаңақорған аудан орталығында 260 орындық кинотеатр, Арал ауданы орталығында аудандық мәдениет бөлімінің жұмысшыларының күшімен 100 орындық клуб салынған. 1960 жылдың өзінде облыс бойынша 8 стационарлы киноқондырғылар ашылған. 1960 жылы облыс клубтары мен кинотеатрларында 10162 толық метражды, 424 ғылыми-танымдық, хроникалық-документалды кинофильмдер көрсетілген. Көпшілік қауымға қазақ тіліне аударылған фильмдерді көптеп тарату мәселесі қолға алынғаны туралы, мерекелік тақырыптық күндерге қатысты кинофестивальдар өткізілгені жайлы анықтамалар архив қорларында сақталуда. Киномеханик қызметкерлер қатарында Х.Д.Капоуло, Шіелі аудандық мәдениет бөлімінің киномеханигі А.П.Соловьев, Мәлібеков елеулі еңбек етті.

Бүгінде қызметі тоқтап, аты да ұмытыла бастаған кинотеатр туралы деректер осы ғана. **Дана ҚАЛТАЕВА, «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының бөлім басшысы**

Басы 1-бетте

ҚОЛТАҢБА

... Оның есімін әу баста Сәнікүл деп қойған екен. Ел басына күн туған қиын кезде дүниеге келген саби елге береке ала келсін деген оймен қойылса керек. «Қолтаңба» кейіпкері мұны өзінің естелігінде жазады. «Мен 1932 жылдың ақпан айында ашаршылықтың қысында дүниеге келіпін. Шың атым Сәнікүл емес, Сәнікүл. Ашаршылық тезірек бітсін, елдің, заманның сәні кірсін деп Сәнікүл қойыпты. Құжаттарға Сәнікүл болып қате жазылып кеткен ғой». Адамның есімі тектен-тек қойылмаса керек. Сәнікүл Желдербаева ұстаз, ғалым, ақын ретінде шынында ел руханиятына үлкен үлесін қосты. Оның бір ғана «Ақ босаға» өлеңі әңгіме арқауы етсек те жатып жатыр.



Бұл ән жарыққа шыққан сәттен бастап ел арасында тез тарайды. Көп көкейіне қона кетіп, жүрекпен-жүрекке жетті. Қазақтың салт-дәстүрін, ұлттың болмысын, тіпті сүттей ұйыған ағайынның татулығын бір өлеңге сыйғыза білгені сондай, өлеңді тыңдай отырып, ауылы аралас, қойы қоралас қазақ ауылы, берекелі дастархан, жүзін төмен салып иіле түскен қазақтың әдемі келіндері көз алдына келе қалады.

Бүгінгі күнге дейін ел арасында жатталып, аналарымыздың сүйікті әніне айналған «Ақ босағаны» кейде халық әні деп жатады. Алайда бұл өлеңнің авторы бар. Бүгінде тоқсанның төріне шыққан, ұзақ жыл ұрпақ тәрбиелеп, ұлағатты ұстаз атанған, педагог-ғалым, ақын Сәнікүл Желдербаеваның шығармашылығында өзге өлеңі бір төбе болса, «Ақ босағасы» бір төбе десек қателеспейміз. Себебі бір ғана өлеңге қазақтың салт-дәстүр энциклопедиясы сыйып кеткендей.

Жарыққа шыққан сәттен бастап ел арасында айтылып, танымал әнге айналған өлең авторының кейінгі буынының бірі білсе, бірі білмес. Оның үстіне, «мен жаздым, менің өлеңім» деп атын шығару үшін, атак қуу үшін алға ұмтылмайтын ақын болмысы белек қой. Өзгелер есімін бірде айтып, бірде айтпай, енді бірі халық әні десе де сыр бермейтін сыры бөлек ақынның парызы атын шығару емес, ұлт болмысын танытар өлең сыйлау екенін үндемей-ақ ұғына білгенге ұқтыра түскендей.

Кейде өлең сөзінің ел ішінде қате айтылып жататын кезі де бар. Қазақтың келіндері арқылы тұтас ұлттың бейнесін суреттеген кіршіксіз әнді Берік Жүсіп ағамыз қызғыштай қорғап, қай жырлары әдемі мақала жазды. Онда былай дейді: «Ақ босаға» әнін сонау бала кезімнен, мектеп қабырғасында жүрген шағымнан орындаушы едім. Ақыры репертуарымнан ойып орын алды.

Кейінгі жылдары фольклорлы-этнографиялық Президент ансамблінің сүйемелдеуімен әнді сахнаға шығарып, теледидение мен радионың Алтын қорына тапсырдым. Бір қызығы, соңғы жылдары біреулер бұл әнді «Халық әні» деп орындап жүр екен. Кейде әуе толқынынан «Пай-пай, қазақтың келіндері-ай» деп хабарлайтынға да ұқсайды. Иә, кейде жақсы әнінің ізінде осындай жойдасыз хикаялар ілесе жүретіні бар. Десе де шығарманың авторын біліп, атын атап, түсін түстеп отырудың өзі үлкен мәдениетке келіп тіреледі. Әрине, оны үнемі сақтап жүре алатын пенде болса.

Өз орындауымыздағы сол «Ақ босаға» әнін жұрттың назарына жеткізу үшін әлеуметтік желіге жүктеткен едім. Көбіне мақала, ой-толғама, сын пікірімізді жариялап, орындаған ән, тартқан күй, толғаған мақамды жылтындата бермеуші едік, сахнагерлігімізді сәлеттемеу үшін. Алайда Оралдағы Бауыржан Халиолла деген бауырдың «Беке, сіз сол әнді орындаушы едіңіз ғой. Қиындық тұдырмаса, маған салып жібере аласыз ба?» деген өтілінен кейін, арнайы жұмыс қылып, шаңырақ көтерген кезімнен бастап, бүгінге дейінгі көне һәм жана суреттермен әдіптеп, ескерткіш болсын деген ниетпен, алқаға салғанмын. Алла разы болсын, тыңдаушылардың жақсы лебіздері келіп жетті.

Алайда сол жылы сөздерге ілесіп бір түйткілді мәселенің де ізі шығып қалған сияқты. Өз басым мұны жақсылықтың нышанына жоры-

дым. Мұндай талқылаудан кейін көдімгідей, желіге ән жүктеуге деген ниет пайда болады екен. Әңгіме ауаны «Ақ босаға» әнінің мәтініне, соның ішінде «Қыз аттаған келін боп ақ босаға» деген сыңар жол қатарындағы жалғыз ауыз сөзге қатысты болып отыр. Бұл жайында пікір жазған, кезінде консерватория қабырғасында бізден азын-аулақ дәріс алған Лаура Қынтаева қарындас ізгі тілегін білдіре келіп, «Өлеңнің бірінші шумағында «Қыз аттанған» еді, сіз «аттаған» деп орындапсыз» депті.

Алтынай Жүздібайқызы деген желі

Алтынай Жүздібайқызы деген желі

қолданушы да осы ойды қуаттай келе, «Бұл бір босағадан қыз аттанып жатса, келін келіп жатады дегендік-ау. Себебі қыз өз босағасынан келін боп аттанбайды ғой. Сәнікүл апаның өзінен сұраған жөн шығар» деп жазыпты. Дұрыс қойылған сұрақтың жарым жауабы да өзінде тұрады ғой. Жөн айтасыз, қыз ақ босағадан аттанбайды, өзге босағаның табалдырығынан аттайды. Олай болса, көтерілген мәселеге қатысты бірсыдырғы толымды ойымызды ортаға салып көрейік.

Ғылымда орындаушылық интерпретация деген бар. Бұл – белгілі бір шығарманы алқаға салған сәтте айтушының ой-санасында саналы әрі бейсаналы түрде жүріп жататын жанды үдеріс. Кез келген орындаушы ерте ме, кеш пе, бұл психотехникалық ерекшелік жүйесімен бетпе-бет келетіні хақ. Бірнәшіден, оған әуелде шәкірттің мәтінді белгілі бір ұстаздан қате нұрыс себеп болады. Екіншіден, дұрыс үйренген мәтінді түрлі себептің салдарынан (жанылысу, ұмыту, саналы, бейсаналы түрде ауыстырып алу, мән бермеу, салақасу, жады жанылысу, жады көнеру, ұмыт-шақтық әдет пайда болу, т.б.) ұмытып қалуы жаңсақтыққа ұрындырады. Үшіншіден, айтушыға саналы түрде белгілі фактордың әсер етуі мәтіннің өзгеруіне жол ашады.

Мен өз басым орындаушылық дәстүрдің заңды мұрагері әрі осы саланың маманы ретінде өзім орындап, халықтың алдына алып шығатын ән мен жыр мәтіндеріне ерекше мән беріп отырамын. Өйткені көп жағдайда мәтін атаулы құбылмалы әрі көп нұсқалы болып келеді. Біз авторлық мәтіннің жайын сөз етіп отырғандықтан, бұл жердегі жағдай ерекше. Әрине, кейде бейсаналы түрде, орындау үстіндегі түрлі эмоция әсерінен жанылысатын кезің болады. Ал мына «Ақ босаға» әнінің мәтіндегі сыңар жолдағы бір ауыз сөзге қатысты біз саналы түрде түрлемге (интерпретацияға) барғанбыз. Бірақ ол шумақта емес, үшінші кайырмада. Кінәрат артушылар оны байқамаған сияқты.

Иә, негізі көзі тірі автордың мәтініне редакция өзінің рұқсатымен жасалғаны абзал. Солай десек те, мәтінге қатысты белгілі бір кәсіби заңдылықтарды ескермеуге

болмайды. Мәтін атаулыда логикалық сәйкестікке қоса, кереғар қайшылықтар да кездеседі. Қанша жерден түпнұсқа болса да, маған салса, бұл мәтінді мен «аттанған» деген нұсқада орындамаған болар едім. Неге? Өйткені қыз ешқашан босағадан аттанбайды, ата-анасының оң жағында отырып, шаңырағынан ұзатылып, тұз-дәм бұйырған жердің босаға табалдырығынан аттауы мүмкін. Ал аттана қалған күннің өзінде сүйегі тек өзгенің шаңырағынан шығады. Бірақ бұрынғы істің ығын, әңгіменің жымын білетін қазақ сөзді ешқашан бұлай қолданбаған болар еді.

Аттану сөзінің мағынасы мүлдем бөлек. Құдай бетін әрі қылсын, елге тұтқиылдан жау

нәзік салтты, келін түсіру салтының мән-мағынасын терең бейнеленген күйінде Қазақстанға түгел тарап, талантты ақын-апамыздың атын аңызға айналдырып жіберді» деп жазады.

Ал өзі жазғандай, репертуарында ойып орын алған бұл өлең туралы Берік Жүсіп: «Сырдың бір аруы сөзін жазып, бір перзенті әнге бөлеп бағын жандырған «Ақ босаға» әні келін түскен шаңырақтың әнұранына айналғанына, міне, тура жарты ғасырдан астам уақыт өтіп бара жатыр. Бұйырса, жер бетінде ана тілін, салт-санасын, ата-баба дәстүрін сақтаған соңғы қазақ қалғанда, дәстүрлі неке заңы шеру тартып тұрғанда, ғашық жүректер бір-біріне деген ынтызарлығын тоқтатқанша мәңгі шырқала беретін әнің бірі – осы! Талайдың қыз күнін сағындырып, басынан қызыл орамалын алып, ақ жаулық салып, келін болып түскен ең бақытты сәтін есіне салып, көзіне қуаныш моншақтарын үйретін осы бір қарапайым әнге және оның

Ұлт болмысын танымал «Ақ босаға»

авторлары – ақын Сәнікүл Желдербаева мен композитор Мұхамеджан Рүстемовке арнап

Сыр бойынан һәм әр облыстың орталығынан шаңырақ көтерген жастар тәу ететін монумент орнатып, техникалық жағын үйлестіріп, сол жерде осы әнді күні-түні сайратып қойса да артық болмас еді-ау» деп жазады.

Мақала жазу барысында ақын Сәнікүл апамызға хабарласқанды жөн көрдік. Алайда тоқсанның төріне шыққан қария ем қабылдап жатқандықтан тілдесе алмадық. Қарияның қас-қабағын бағып, күтім жасаған келіні Салтанат Қамысбаева ақынның қаламынан туған жырлардың басым бөлігі отбасы, қазақтың салт-дәстүрі, тәрбиесіне бағытталғанын айтты. Ол кісінің болмысы әңгімеге жоқ екенін де жасырмай, дегенмен ақын бұл өлеңді соғыс жылдарындағы қиын уақытта ерлері соғысқа аттанып, ер-азаматының, елдің тілеуін тілеген аналардың, келіндердің сол кездегі жайын, бір-біріне көмектесіп, бір үзім нанды бөліп жеп, баласын бағысқан татулығын көріп өскенін, жегелерінің, яғни қазактың келіндерінің даладай кең пейіліне ризалықтан туған жыр екенін айтты.

Үлкеннің батасын алған, ағайынның бірлігін ойлаған қазақтың келіндерін суреттеу арқылы ұлттық тәлім-тәрбиені, салт-дәстүрді насихаттаған педагог-ақынның бір өлеңінің өзі тәрбие бесігінде.

Өріптесіміз Гүлжазира Жағасова-ның «Сыр бойы» газетінде жарияланған «Кешегіні жалғаған бүгінгімен» атты жазыққа жуық ғұмыр иесімен сыр-сұхбатында: «Ақ босаға» сол кездегі «Ленин жолына» басқа да өлеңдерімен бірге жарық көрген еді, – деді апам әңгіме желісін үзбей. – Композитор Мұхамеджан Рүстемов хабарласып ән жазғысы келетінін айтты. Мәтіннің кей тұстарын әуенге бейімдедік. Өні мен сөзі үйлесіп, елге тарап кетті. Басқа өлеңдер «Ақ босаға», «Жүректегі жауһарлар» деген кітаптарға топтастырылды. «Сырдария кітапханасының» бір томына Рахат Наурызбаева екеуміздің өлеңдеріміз енді, – деді ол» деп жазады.

Бүгінде ақ қимешекті қария тоқсаннан асты. Ғасыр жасады деуге болады. Алайда оның ғалым, ұстаз, ақын, азамат ретінде ұлт руханиятына қосқан үлесі ғасырдан да ұзақ, мәңгілік қолтаңба.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

НАЗЫМ СӨЗДІҢ ШЕБЕРІ

Сыр сүлейлерінің ішінде шоқтығы биік өнер иесі Омар Шораяқұлы. Оның жастық шағы қиын кезеңде өтті. Бала кезінде қаншама қиындық көрсе де жігері жасымай, өмірге үлкен арманмен қарады. Алдына талаптар қойып, соған жету жолында бар күш жігерін жұмсады. Жастайынан талантымен танылды. Алдындағы аға буын шығармашылығына зер салып, солар секілді өлең өлкесінде өз қолтаңбасын қалдырды.



Оның ұшқыр қиялынан шыққан әрбір жалынды жырлар мен қаспаңдар, мысал өлеңдер мен өзінен кейінгілерге арнаған өсиеттері негізінен еңбекқорлыққа, адамгершілікке, Отанға, туған жерге, адамзат баласына деген сүйіспеншілікке, талапшылық пен тапқырлыққа арналды.

СӨЙЛЕ, ТІЛІМ, ЖОСЫЛЫП...

Сыр шайыры «Сөйле, тілім, жосылып!» атты шығармасында: Ашыл, көңілім, қош ұрып! Сөйле, тілім, жосылып! Тереңнен барып тер гауһар, Ақыл мен білім жосылып! Қамалап келген қардарға Көрінісін теңшең шешіліп. Бізге деген халық тоны Тұрғандай сырттан пішіліп. Талабыма табылғай, Талданған жібек есіліп. Кәделі білгір емеспін, Қанадан кеткен тесіліп, – дейді.

Бұл шығармасында өлеңге деген құрметі мен ел ықыласын ерекше бағалайды. Оның ұшқыр қиялынан шыққан әрбір жалынды жырлар мен дастандар, мысал өлеңдер мен өзінен кейінгілерге арнаған өсиеттері негізінен еңбекқорлыққа, адамгершілікке, Отанға, туған жерге, адамзат баласына деген сүйіспеншілікке, талапшылық пен тапқырлыққа арналды.

Омар ауыл молдасы Алдашбай ахуннан діни сауат ашты. Оның ұстаздары Сыр бойындағы дарынды жыр дүлдүлдері Ешнияз сал, Нұрымбет сары Шегебай, Балқы Базар, Кете Жүсіп, Дүр Оңғар, Қарасақал Ерімбет және басқалар болды. Омар өлең-жыр жазуды он алты жасынан бастады. Жасы жиырмадан асқанда үлкен ортада есімі ерекше аталып, ақындық қадір қасиеті арта түсті.

Ақын қысқа ғұмырында жиырмаға жуық дастан мен мысалдар, екі жүз елуден астам өсиет, лирикалық толғау мен жұмбақ өлең, жыр-терме жазды. Омар Шораяқұлының қандай да болмасын шығармалары халық ақындары мен жырау-жыршылары арқылы Сыр бойы жұртшылығына кеңінен тарап, тыңдаушылары арасында жоғары бағаға ие болды. Оның дуалы аузынан шыққан әрбір сөзі халық арасында құнды бағаланды.

Омар ақынның ұстаздарының бірі – Шегебай Бектасұлы. Омар ұстазымен ел аралап жүріп, халықпен етене араласты, ақын-жыраулар өнеріне құлақ түріп, бойына ғибрат жинады. Ол қарапайым халықтың сөзін сөйледі. Төменгі тап өкілдеріне қиянат көрсеткен байлардың озбырлық әрекеттерін өлеңдері арқылы әшкереледі. Көп шығармаларында елді ауызбірлікке, бір-бірінің еңбегін бағалауға шақырды. Шығармаларының ішінде көптеген толғау, терме, тапқақ, өсиет, мысалдармен қатар он бес-тен аса дастаны «Қара шекпен», «Жарлы тәліп», «Кедей», «Тау елі» және Қарасақал Ерімбет ақынмен жазып айттықан айтыс өлеңі бар. Шығармалары газет-журнал бетінде, жинақтарда жарияланып, белгілі өнер зерттеушісі Мардан Бәйділдаев құрастырған «Шайыр» және ақынның туысы Әбжан Айсаяуытов 1995 жылы жинақтаған «Сөйле, тілім, жосылып!» атты кітаптары жарық көрген.

Омар Шораяқұлы «Ұстадарыма немесе өрен жүйрік жиырма бір» – деп аталатын толғауында өзі дәріс алған дарын иелеріне ілтипатпен жыр арнайды.

Аш, бабын сөздің, дүр Омар, Жөн болса сөзің тыңдалар. Келіспесе кестесі – Ретсіз сөзді кім тыңдар! Намақұл сөздің мысалы: Аң көрмей ұшқан далаға, Алмайтын құспен тең болар, – деп бір қайырады.

Тағы бірде: Жай жүргенде бәрі де ат, Шапқанда, шама аңдалар. Халық ішінде қадірлі, Үнемді басқан қадамы, Тімеген жерге табаны Теңселген не бір жорға бар! – деп түйіндейді.

Міне, оның қай шығармасын алып қарасаның да терең философиялық ой түйетіні анық аңғарылып тұрады.

Омар Шығыс ғұламалары мен Еуропа, сонымен бірге қазақ ақын-дарының, әсіресе Абайдың, Шәкәрімнің өлеңдерін халық арасында кеңінен насихаттады. Ақын 1922 жылы Абайға арнаған «Абайды оқығанда» өлеңінде:

Абайдың оқығанмын өлең-сөзін, Сол кезде пайда болған маған сезім,

«Іші алтын, сырты күміс» сөз жаксысын, О, дарих! Ескермеңгі албырт кезім, – дейді.

Сыр сүлейі Қуаныш Баймағамбетов: Кетеді Шораяқтың Омары өтті, Өлгенше өлең сөзді жоғары етті. Данмұрын, Ешнияз бен Оңғар

жырау, Тұрымбет бес Бозғұлдан бұлар да өтті, – деп жырлаған екен.

1923 жылы «Ақын Тұрмағамбет ініме» атаулы өлеңінде:

...Қайғысын бұл дүниенің қабат ойлап,

Қайтеді ақынды екі бөлсең. Еңбектің іске аспағы екі талай, Табандап тас көшеде аттай желсең. Ей, інім! Ақылын ағла,

андауымда, Тұрақсыз туысына жүрген дөңсен. Әр түрлі хикая мен дастан жазып, Болмай ма қатарыңды жалпы жәнсен. Атынды алты Алашқа мәшһүр етіп, Журналға сөз беруге енді белсен. Сөзінді шайырлармен салыстырып, Алдына жан салғызбай озып

келсен. Өлсең де кейінгі ұрпақ сені іздеп, Жылар ед «О, дарих!» деп кемсең-кесен, – деген өсиеттері әлі күнге дейін халық жүрегінде сақтаулы.

Міне, әрбір шығарманы жүрегімен сезініп, жұрт жадына жеткізе жырлаған оның есімі күллі қазақ халқының жадынан өшпек емес. Омар Шораяқұлы дәстүрлі өнердің қайталанбас қолтаңбасы болып қала бермек.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

БИЛЕТ АРЗАН, ӨНЕР ҚЫМБАТ



ЖАҢА МАУСЫМНЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

Күз келсе, театр ұжымы да мәуелі ағаш секілді бар жақсыны көрерменге ұсынуға асығады. Биылғы күзде Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры 68-маусымның шымылдығын түрді.

Театр – адам өзін-өзі сахнадан көріп, сырттай бақылайтын, өмірлік сұрақтарға шешім табатын орын. Театрда сахна өмірінің ыстық-суығын бірге бөлісіп, абырой-атағын асқақтатуға үлес қосып келе жатқан мәдениет майталмандары еңбек етеді.

Осы кезеңде қаншама шығармаларды сахна төріне шығарып, талай тарихи тұлғалардың сахналық бейнесі жарық көрді. Соңғы жылдары сахналанған қойылымдардан театр шығармашылығындағы жаңашылдық пен өзгерістерді анық байқауға болады. Мәселен, Данияр Базарқұловтың режиссерлігімен қойылған жаңа маусымның алғашқы премьерасы Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» спектаклімен ашылды.

Қазақ әдебиетіндегі «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиқа», «Еңлік-Кебек» сынды туындыларда жырланған мөлдір махаббат, асыл сезім, жастық жылы «Ромео мен Джульеттаға» да тән. Сондықтан Шекспир шығармасы қаншама ғасыр өтсе де, өзектілігін жоймай ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Әлемдік театрларды былай қойғанда қазақ сахна өнерінде бірнеше нұсқасы жарыққа шыққан туындының көркемдік деңгейі сан алуан спектакльдерге арқау болып, бірнеше режиссерлік колтаңбамен және жанрлық ерекшеліктерімен қойылып жүр.

Сонымен қатар өткен маусымда көрерменнің ыстық ықыласына, үлкен сұранысқа ие болған А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» психологиялық драмасы Сыр сахнасының

сыршыл көрермендерін театрға ынтызар ете түсті. Жаңа маусымның алғашқы қойылымы да өзінің көркемдік деңгейі мен режиссерлік тың ізденісі және ұтымды актерлық ансамбльді құра білуі арқылы халықты өзіне еліте алды.

Сондай-ақ әрбір қойылымға жауапты білікті мамандардың да еңбегін ерекше айта кету керек. Мәселен, спектакльдің атмосферасын айшықтап, темпо-ритмін бір қалыпта ұстап тұруға тұлға бойынды шымырлататын музыканы дөп басып, қоя білетін композитор Нұрсұлтан Төреәлінің, оқиға желісін дөп баса білген сахналық қозғалысты, яғни спектакльдің пластикалық шешімін қою үшін арнайы шақырылған Әділет Таменов шығармашылығының ерекшелігін айта кету керек. Осы тұрғыда қойылым режиссері Д.Базарқұлов жалпы қойылым жасаушылармен берлесе тығыздықты жұмыс атқара білді.

Театр 68-ші маусымында шетелге бірнеше мәрте үлкен гастрольдік сапармен барып, қазақ өнерінің мәртебесін көтеріп, мерейін асқақтатты. Оның ішінде Татарстан, Түркия, Әзербайжан және Ұлыбритания елдерінде ұйымдастырылған өнер додаларынан олжалы оралды. Әсіресе, Шотландияда өткен «Фриндж» фестивалінде жеткен жетістіктері тек театр ұжымының ғана емес, бүкіл Сыр мәдениетінің беделін арттырды. Өнер фестиваліне Г.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» пьесасының желісі бойынша сахналанған «Ақбаян» драмасымен қатысып, спектакль режиссері Х.Әмір-Темір, артистер З.Төлепова, Қ.Архабаевтар Еуропаның «Алтын кітабына» енді және театр ұжымы әлемнің ең үлкен өнер фестиваліне «Еркін қатысу» құжатына ие болды. Сонымен қатар 2018 жылы Талдықорған қаласында Астана қаласының 20 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 120 жылдығына арналған Қазақстан және Орталық Азия елдерінің VII халықаралық театр фестиваліне Рахымжан Отарбаевтың «Нарком Жүргенов» драмасы үш бірдей номинацияға қол жеткізді. Театр ұжымы «Ұлттық авторлардың үздік драмасы» номинациясымен Жүргеновтің әкесі Қара ролін сомдаған Бакытбек Алпысбаев «Ең үздік екініші пландағы ер адам бейнесі» номинациясымен және Темірбек Жүргенов бейнесін үздік сомдағаны үшін Сырым Әбдіразақов марапатталды.

Қазіргі таңда театр басшылығына айтыскер ақын Мұхтар Ниязов келді. Ал режиссердің кеңесшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хүсейін Әмір-Темір өзінің мол тәжірибесімен шығармашылық ұжымға жүктелген күрделі міндетті жүзеге асыру жолында тынымсыз



еңбек етуде. Театрдың бас суретшісі Нұркен Қалымбетов театрдың өркендеуі жолында аянбай төгіп тұр келеді.

Ал шығармашылық ұжымда Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Б.Алпысбаев, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері К.Әбжанова, З.Төлепова, Б.Темірбеков, Мәдениет қайраткерлері Б.Ботбаев, А.Артықбаева, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегерлері А.Байдалиева, Қ.Айтжанова, З.Коздбаева, Ұ.Баймаханов, С.Әбдіразақов, К.Жанмұратова, Н.Шыналиев, артистер М.Пүшпақова, А.Көшімбаев, Е.Асанов, А.Түлеуова, А.Оразалиев, Б.Ошақбаев және жалынды жастар қатары да қазақ өнерінің дамуына үлес қосып, тынымсыз еңбек етіп келеді. Бүгінде бұл өнерпаздар қазақ театр өнерін әлем сахнасында дәріптеп жүр.

– Жаңа маусымға үлкен қойылымдар жоспарлануда. Соның бірі Иран-Ғайыптың 75 жылдық мерейтойына арналған «Мәңгілік елдің алтын адамы» тарихи дастаны сахналанды. Режиссері – ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маамиров. Ол еліміздегі бірнеше театрда өзінің колтаңбасы бар, мықты қойылымдарымен қазақ



жастардың талантын ұштап, талабана дем берді. Мәселен, «Ұт кілт», «Кім?», «Шыны керек...» спектакльдері шағын аудиторияны қамтыса да, өз көрерменін үлкен ойлар мен толғанысқа жетелейді. Бүгінде аталмыш қойылымдарға күннен-күнге сұраныс артауда. Сонымен қатар осы айдың аяғында Астана қаласында Халық қаһарманы, КСРО және Қазақстанның Халық артисі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, көрнекті театр және кино режиссері Әзірбайжан Мәдиұлы Мәмбетовтің 90 жылдық мерейтойына арналған II Халықаралық театр фестивалінде біздің театр ұжымы да бақ сынап, өнер көрсетеді. Қазіргі кезде осыған үлкен дайындық жүріп жатыр, – деді көркемдік жетекшінің міндетін атқарушы Ақтөре Оразалы.

Жалпы театрда 2004 жылдан бастап «Нартайдың бүлдіршіндері» атты қуыршақ тобы жұмыс атқарып келеді. Репертуарында М.Байғұттың «Достық қымбат бәрінен», Ж.Қожаберген, К.Жанмұратованың «Ит пен мысық, тышқан дос», Ж.Қожаберген, К.Жанмұратованың «Тапқыр бұзау», Ж.Қожаберген, К.Жанмұратованың «Алдаркөсе, Қарадау + супер тасбақа», С.Мақұлбековтің «Балапан», С.Мақұлбеков «Қанбақ шал», М.Дәуренбекованың «Тосын сый», К.Жанмұратованың «Токта! Сақтан, жол ашық!», К.Жанмұратованың «Адасқан тышқан», Г.Ландау «Балапан қораз» «Ауыл иті Ақбай» спектакльдері бар. Режиссері – К.Жанмұратова. Ал балалар жылына орай К.Бегмановтың «Ер Төстік», «Ұр, тоқта!» қойылымдары кішікәсіпті көрермендерге ұсынылуда. Режиссер Еркебұлан Қабыл көркемдік сапасы жоғары туындыларды сахнаға ерекше үлгіде дайындап шығаруда.

Театр сахнасының жарық жұлдызы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Залипа Төлепова 60 жасқа толды. Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Жұлдыздай жарқыра, жауһарым!» атты шығармашылық кеш болып өтті.

Жұлдыздай жарқыра, жауһарым!

Өнегелі өнері өмір жолында жарасым тапқан, киелі сахнаның қасиетін ұққан ол сахнада 40 жылға жуық тер төгіп келеді. Алғашында Залипа Тұрғанбайқызының өнер жолына келуіне ата-анасы қарсы болады. Мақсатқа жету жолында Жамбыл облысындағы өнер мектебіне оқуға түседі. Оны аяқтаған соң Н.Бекежанов атындағы драма театры жұмысқа орналасып, бүгінге дейін осында қызмет етіп келеді.

– Маған әсер еткен, көңілдімді оятып, өнер жолына алып келген Ақбайның 1990 жылы сомдағаны. Оған дейін «Еңлік-Кебек» спектаклінде ойнадым. Театрға келген күннен бастап бірыңғай басты рөлдерді сомдап жүрмін. Алғашқыда А.Чеховтың «Апалы-сіңілі үш қыз» спектаклін қойып жатыр екен. Бас режиссері Хүсейін Әмір-Темір шығармадағы Наташа ролін маған берді. Мінекей, содан бері осы театрдың ыстығы мен суығына төзіп, айлап гастрольге шығып, жұмыс жасап келеміз, – дейді ол.

Мерекелік кешті Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, театр тарлаңы Әмір-Темір Хүсейін Жүсіпұлы ашып, артынан ерген ізбасарына айналған мерейтой иесіне өз тілегін білдірді. Одан кейін облыстық мәдениет және спорт басқармасы басшысы Руслан Рүстемұлы өнер саңлағына жүрежарды лебізін білдіріп, аймақ басшысының құттықтау хатын табыстады. Қала әкімінің орынбасары Ақира Қасымова да кеш иесіне қала әкімінің құттықтауымен жеткізді.

Салтанатты кеш барысында актрисаның жастық шағындағы театр сахнасында ойнаған ролі мен әсерлі сәттері таспаланған видеоролик көрерменге ұсынылды. Соңғы жылдардағы ойнаған ролі ішінен М.Әуезовтың «Қарақоз» трагедиясында Мөржан, В.Шекспирдің «Макбет» трагедиясында Леди Макбет, С.Жүнісовтың «Қысылғаннан қыз болды» музыкалы комедиясында Сәбира, Д.Исабековтың «Жүз жылдық махаббат», «Муңлық-Зарлық», Т.Нардың «Төбекөз» спектаклінде Көкшешек, Ә.Оразбековтың «Бір түп алма ағашы» драмасында Әлия, М.Ф.Ахундзадеңнің «Кетпейсің, болды, кетпейсің!» комедиясында, Р.Отарбаевтың «Мұстафа Шоқай» драмасында Ана бейнесі, «Нарком Жүргенов»



драмасында Малахаевтың әйелі, С.Ембергеновтың «Ана жүрегі» драмасында директор ролі актрисаның шеберлік шыңына жетіп суреткерлік дәрежесіне жеткендігін айғақтайды.

2010 жылы Иран-Ғайыптың «Турмағанбет» трагедиясындағы Биға ролін сомдап, «Ең үздік әйел бейнесін сомдағаны үшін» номинациясымен марапатталды. Актрисаның, әсіресе, Т.Нардың «Төбекөз» спектаклінде Көкшешек бейнесін сомдау бір төбе. 2013 жылы З.Төлепова бұл ролді жоғары деңгейде сомдағаны үшін «Ең үздік әйел бейнесі» номинациясымен, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Әлия Арсыбай атындағы ауыспалы жүлдемен марапатталды.

Өнерге деген адалдығы болар, актриса бір спектакльде бірнеше жылдар бойы үздіксіз ойнаса да, әр қойылымға жаңа бір серпін әкеліп, түрлендіруден жалыққан емес. Жалпы кез келген халықтың театр тарихында сахнаға шығысымен-ақ ешкімге ұқсамайтын даралығымен ерекшеленетіндер өте аз. Ал Залипа Төлепова – көп қырлы, терен сырлы. Ол ізденуден жалыққан емес. Өрқашан шеберлігін шындап келеді. Бір сөзбен айтқанда, сахнадан алуан қырлы адамдардың толыққанды бейнесін жасаудың қас шебері.

Әуезді ән мен биге, жүрек түкпірін қозғар тамаша қойылымдармен жалғасқан кеш соңында Залипа Төлепова көрермендеріне зор ықыласын білдіріп, алғысын айтты.

Жалпы, театр – адамның терең ойлауы, оны сезінуіне мүмкіндік береді. Мәселен, тарихи драманы ойран ететін отбасылық ас үстіндегі ұрыс-керіс оқиғаны дұрыс түсінуге, мұндайды болдырмауға шақырады. Рухани азық алуға келген көрермендер театр сахнасындағы әрекет пен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, сүйінісі мен күйінісіне, жалпы тіршілік-тынысына бар ынты-зейінімен

Театрға барасыз ба?

мән береді. Қойылымның жетістігі – көрерменнің көп болуы.

Театр – қай уақытта да саф өнердің қайнары. Оның бастауынан қаншама жас дарын нәр алып, талай талант түлеп ұшты, шыңдалды. Сикырлы сахнаның киесі де сол – жаратылысынан өнерге іңкәр жанды бір өзіне баурап алады. Сондай-ақ шығармашылық ұжымда жас актер, актрисалар жетерлік.

Осындай тәлім таразысынан өтіп, өнер айдында тыңнан түрен салып келе жатқан жастың бірі – Батырхан Амангелдиев. Ол 2017 жылы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Театр өнері» факультетіне қабылданып, 2021 жылы «Музыкалық театр артисі» мамандығы бойынша бітірген. 2020 жылы Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында мамандығын жетік менгеру мақсатында практикалық дәріс қабылдап, 2021 жылдан бастап театрда актер болып қызмет атқарып келеді.

Басы 1-бетте

Жас талант театр репертуарындағы Д.Рамазаннның «Абылай ханның арманы» тарихи драмалық қойылымында – Жәнібек батыр, А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» драмалық қойылымында – Козлов, Б.Әлімжановтың «Ойнайықшы бір, ойнайықшы бір» комедиясында – Тышқан, Е.Шварцтың «Золушка» балалар қойылымында – Капрад, Т.Уфимцеваның «Ұйқыдағы ару»



атқаруға. Ол «Нартайдың бүлдіршіндері» қуыршақ тобында қойылған барлық спектакльдерде түрлі ролді сомдап жүр. Атап айтқанда, К.Жанмұратованың «Тапқыр бұзау» спектаклінде – Ақшақар, Ә.Файзуллиннің «Үй таңдаған лақ» спектаклінде – Лақ, «Ит пен мысық, тышқан дос» спектакліндегі – Тышқан, Г.Ландаудың «Балапан қоразында» – Түлкі, «Ақылды көжек» спектаклінде – Тышқан ролін ойнады. Бүгінде Баян қасиби маман ретінде өз ісін шебері. Қуыршақ тобында сахналанған жаңа қойылым «Үй таңдаған лақ» спектакліндегі лақтың ролін жан-жақты сомдады. Қуыршақ өнерінің қыр-сырын меңгерген ол көрермендерін сендіре білген жас өнерпаз. Шығармашылық ұжымда осындай жастар легі жыл сайын еселеніп келеді.



Қарап отырсақ, әрбір қойылымның билет құны тым арзан. Алайда оның ішіндегі өнер қылма.

Сонымен қатар қуыршақ тобының актрисасы – Баян Раушанбекқызы да бүлдіршіндерді тәрбиеге тарту, құдіретті өнердің күшімен балаларды өнерге баулу секілді игі істерді

Бетті дайындаған Ақмарал ОЛЖАБАЕВА



Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4, Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-І.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарымымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3737

Таспырыс №1693

Нөмірдің кезекші редакторы Аслан НҰРАЗҒАЛИ